

**Қостанай облысы елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру, елді мекендерінің аумағындағы жасыл желектерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларын бекіту туралы**

*Күші жойған*

Қостанай облысы мәслихатының 2013 жылғы 1 наурыздағы № 120 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 12 сәуірде № 4091 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 393 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 07.04.2015 № 393 шешімімен.**

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексінің 3-бабының 2-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-2-тармағына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру, елді мекендерінің аумағындағы жасыл желектерді күтіп-ұстау және қорғау қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*А. Сергеев*

*Қостанай облыстық мәслихатының хатшысы С. Ещанов*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары - Қазақстан  
Республикасының Өңірлік даму министрі  
Б. Сағынтаев*

Облыстық мәслихаттың  
2013 жылғы 1 наурыздағы  
№ 120 шешімімен бекітілді

# **Қостанай облысы елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру, елді мекендерінің аумағындағы жасыл желектерді күтіп-ұстау және қорғау қағидалары**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қостанай облысы елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру, елді мекендерінің аумағындағы жасыл желектерді күтіп-ұстау және қорғау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексіне, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2001 жылғы 16 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" заңдарына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар елді мекендер аумақтарын абаттандыру, санитариялық тазарту, тазалығын сақтау, инфрақұрылым объектілерін күтіп-ұстау және қорғау саласындағы жеке және заңды тұлғалардың қатынастарын реттейді, қалдықтарды жинау, әкету, қайта өңдеу және көму тәртібін анықтайды, сондай-ақ жеке меншік нысанына қарамастан барлық жеке және заңды тұлғаларға облыстың елді мекендерінің аумағындағы жасыл желектерді күтіп-ұстау және қорғау тәртібін б е л г і л е й д і .

3. Елді мекендердің аумағын абаттандыру, санитариялық күтіп-ұстау, тазартуды ұйымдастыру және тазалықты қамтамасыз ету, жасыл желектерді күтіп-ұстау, қорғау және шауып тастау жөніндегі жұмыстардың үйлестіруін және ұйымдастырылуын қарамағында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары мәселелері бар қалалар және аудандар әкімдіктерінің құрылымдық бөлімшелері, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, үйлер, құрылыстар, ғимараттар, жер учаскелерінің меншік иелері жүзеге асырады.

## **2. Осы Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар мен анықтамалар**

4. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган – жергілікті мемлекеттік басқарудың және өзін-өзі басқарудың жекелеген функцияларын

жүзеге асыруға әкімдік уәкілеттік берген, тиісті жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме.

5. Ғимарат - табиғи немесе жасанды кеңістік шекаралары бар және өндірістік процестерді орындауға, материалдық құндылықтарды орналастыруға және сақтауға немесе адамдарды, жүктерді уақытша орналастыруға (орын ауыстыруға), сондай-ақ жабдықтарды немесе коммуникацияларды орналастыруға (төсеуге, жүргізуге) арналған жасанды жасалған ауқымды, тегістікті немесе желілік объект (жер үсті, су беті және (немесе) жер асты, су асты). Ғимарат көркемдік-эстетикалық, әшекей-қолданбалы не мемориалдық мақсатта да болуы мүмкін.

6. Елді мекеннің аумағы – қалалық немесе селолық елді мекеннің белгіленген шекара (ішкі аумағы) шегіндегі кеңістік.

7. Жол – мемлекеттік есепке алуға жататын және көлік құралдарының жүруіне арналған инженерлік құрылыс кешені болып табылатын жалпы пайдаланудағы автомобиль жолы, шаруашылық автомобиль жолы, елді мекен көшесі. Жол бір немесе бірнеше жүріс бөлігін, сондай-ақ трамвай жолдарын, тротуарларды, жол жиектерін және бөлу жолақтары болған жағдайда – соларды қамтиды.

8. Көгалдандыру екпелері – елді мекендердің шекараларында ортақ пайдаланылатын жерлерде орналасқан орманды саябақтар, саябақтар, скверлер, бульварлар, желілік екпелер, үй жанындағы екпелер, көгалдар, гүлзарлар.

9. Коммуналдық қалдықтар – елді мекендерде, оның ішінде адамның тіршілік әрекеті нәтижесінде түзілген тұтыну қалдықтары, сондай-ақ құрамы мен түзілу сипаты жағынан осыларға ұқсас өндіріс қалдықтары.

10. Қалдықтарды жинау – қалдықтарды одан әрі кәдеге жарату немесе жою мақсатында оларды сұрыптауды қамтитын қалдықтарды арнайы бөлінген орындарға немесе объектілерге шығаруға, жинау және орналастыруға байланысты қызмет.

11. Қалдықтарды залалсыздандыру - механикалық, физикалық-химиялық немесе биологиялық өңдеу арқылы қалдықтардың қауіпті қасиеттерін азайту немесе жою.

12. Қалдықтарды көму - қалдықтарды қауіпсіз сақтау үшін арнайы белгіленген орындарда шектеусіз мерзім ішінде жинап қою.

13. Қалдықтарды тасымалдау – қалдықтарды олардың пайда болған немесе сақталған жерінен өңдеу, кәдеге жарату немесе жою орындарына немесе объектілеріне тасымалдау.

14. Мамандандырылған кәсіпорындар – қалдықтарды жинауды, пайдалануды, қолдануды, залалсыздандыруды, тасымалдауды, сақтауды және көмуді жүзеге асыратын ұйымдар.

15. Санитариялық тазарту – мақсаты елді мекенде халықтың тіршілік әрекеті нәтижесінде пайда болатын қалдықтарды жинау, жою және залалсыздандыру болып табылатын іс-шаралар жүйесі.

16. Сұйық қалдықтар – сарқынды сулардан басқа сұйық түрдегі кез келген қалдықтар.

17. Тротуар – жолдың жүргін бөлігімен қатарлас немесе одан газонмен бөлінген жаяу жүргіншінің қозғалуына арналған элементі.

18. Үй – адамдардың тұруына немесе ішінде болуына, өндірістік процестерді орындауға, сондай-ақ материалдық құндылықтарды орналастыруға және сақтауға пайдаланылатын функционалдық мақсатына қарай, міндетті түрде жер бетіне салынып, тұйық көлемді құрайтын, тіреу және қоршау конструкцияларынан тұратын жасанды құрылғы. Үйдің жер асты бөлігі болуы мүмкін.

### **3. Елді мекендердің объектілерін, аумақтарын тазалау және күтіп-ұстау**

19. Барлық меншік нысанындағы жеке және заңды тұлғалар облыстың елді мекендерінің абаттандырылуын, көгалдандырылуын және санитариялық тазартылуын қамтамасыз етеді.

20. Облыстың елді мекендерінің аумағында:

1) көшелерді, алаңдарды және қоғамдық пайдаланудағы демалыс орындары аумақтарын ластануға;

2) көлік құралдарын арнайы белгіленген орындардан өзге жерде жууға;

3) бұрқақтарда шомылуға;

4) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты болмайтын жеке тұлғалардың белгіленген жерлерден тыс хабарландыруларын орналастыруға рұқсат берілмейді. Аталған хабарландыруларды жеке иеліктегі объектілерде орналастыру меншік иелерінің рұқсатымен болады. Үгіт баспа материалдардың орналастырылуы "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

21. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес қоғамдық пайдаланудағы демалыс орындарының аумағында орналасқан қоғамдық тамақтандыру және ұсақ сауда-саттық объектілерін ұстау олардың меншік иелері есебінен жүргізіледі.

22. Қоғамдық пайдаланудағы орындарда жаяу жүрушілердің жолына кедергі жасамайтын қоқысқа арналған жәшіктер орналастырылады.

23. Қоқысқа арналған жәшіктерді тазарту олардың толуына қарай жүргізіледі. Қоқысқа арналған жәшіктерді жуу ластануына қарай жүргізіледі. Қоқысқа арналған жәшіктердің сырлауын меншік иелері қажеттілігіне қарай жүзеге асырады.

24. Қоғамдық пайдаланудағы демалыс орындарының аумақтары қоғамдық дәретханалармен жабдықталады.

25. Инженерлік коммуникациялардың меншік иелері:

1) коммуникациялардың күтіп-ұсталуын, жөнделуін және құдықтар мен коллекторлардың тазартылуын жүзеге асырады;

2) коммуникациялардың жұмыс істеуімен байланысты апаттардың салдарын жоюды қамтамасыз етеді.

26. Қоғамдық пайдаланудағы демалыс орындарының аумақтарын күтіп-ұстау және жинау осы объектілер қызмет көрсетуде және пайдалануында тұрған ұйымдармен жүргізіледі. Көше-жол желілерін, алаңдарды, қалған қоғамдық пайдаланудағы демалыс орындары аумағын күтіп ұстауды және жинауды мемлекеттік тапсырыс көлемінде атқарушы орган қамтамасыз етеді.

27. Көшелердің жүретін бөлігін, өтпе жолдарды, тротуарлар және аула аумақтарын тазарту жұмыстарының технологиясы және өткізу тәртібі ауа райы жағдайына қарамастан, көлік құралдарының және жаяу жүргіншілердің кедергісіз қозғалысын қамтамасыз ете отырып, жүзеге асырылады.

28. Жазғы мерзімде даңғылдардың, көшелердің және өтпе жолдардың жол төсемелерін сыпыру жол төсемелерін алдын-ала дымқылдау арқылы жүзеге асырылады.

29. Жолдың жүретін бөлігі және жиегі барлық ластану түрлерінен толық тазартылады.

30. Объектілердің аумақтарын тазарту және күтіп-ұстау объектілердің меншік иелері болып табылатын заңды және жеке тұлғалар қамтамасыз етеді.

31. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың санитариялық-қорғалатын аумақтарын жинауды сол кәсіпорындардың меншік иелері қамтамасыз етеді.

32. Тротуарларда орналасқан сыртқы жарық бағаналарының дінгектері мен тіректерінің айналасындағы аумақтарды тазартуды тротуарларды тазартуға жауап беретін кәсіпорындар жүргізеді.

33. Трансформаторлық, таратқыш шағын станциялардың, инженерлік құрылғылардың, сондай-ақ электр беретін желілер бағаналарының аумақтарын тазартуды осы объектілердің меншік иелері қамтамасыз етеді.

34. Жер үсті инженерлік құрылғыларының астындағы қорғалатын аймақтардың аумақтарын тазартуын және күтіп-ұстауын желілердің меншік иелері қамтамасыз етеді.

35. Жер учаскелердің аумақтарын тазарту жер пайдаланушылар қамтамасыз етеді.

36. Қысқы жинау операцияларына:

1) қарды күреу және сыпыру;

2) көшелердің көлік жүретін бөлігін, тротуарларды көктайғаққа қарсы

қолданылатын арнайы материалдармен өңдеу;

3) кейіннен шығаруға арналған қар үймегін қалыптастыру;

4) қарды жою (шығару);

5) нығыздалған қар мен пайда болған мұзды опырып алу және жою жатады.

37. Елді мекендердің жерлерінде көктайғаққа қарсы күрес жүргізу үшін ас тұзын пайдалануға жол берілмейді.

38. Көшелерден және өтпе жолдардан шығарылатын қарды жинап қою тиісті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша атқарушы органмен белгіленетін арнайы дайындалған алаңдарда жүзеге асырылады. Қар ерігеннен кейін қарды уақытша жинап қою орындары қоқыстан тазаланады және абаттандырылады.

39. Қыс мезгілінде жолдар, шағын сәулет объектілерінің элементтері, сондай-ақ олардың айналасындағы кеңістік, оларға жете беріс қардан және қызылсу мұздан тазартылады.

40. Аула аумақтарынан және орам ішіндегі өтпе жолдардан жиналған қарды аулалардың аумақтарында, автокөліктің ыңғайлы өтуіне және жаяу жүрушілердің жүруіне кедергі жасамайтын және жасыл желектерден, көгалдардан бос жерлерде жинап қоюға рұқсат беріледі. Аула ішіндегі аумақтарда қарды жинап қою кезінде еріген қар суының ағуы қарастырылады.

41. Қыс мезгілінде үйлер, құрылыстар және ғимараттардың меншік иелерімен шатырларды қардан, қызылсу мұздан және сүңгілерден уақытылы тазарту қамтамасыз етіледі.

42. Үйлердің шатырларын тазартуға тек қана тәуліктің жарық уақытында алдын ала қауіпті учаскелерге қоршау қою арқылы рұқсат беріледі. Көше жағына қараған шатыр құламасының үстінен қар және қызылсу қар тротуарларға, қалған шатыр құламасынан, сондай-ақ жайпақ шатырлардан ауланың ішкі аумақтарына түсіріледі. Үйлердің шатырларынан түсірілген қар және қызылсу мұз уақытылы шығарылу тиіс.

43. Су ағар құбырларға қар, мұз және қоқыстарды тастауға рұқсат берілмейді.

44. Заңды және жеке тұлғаларға, жеке тұрғын үйлердің иелерін қоса алғанда, меншікке іргелес аумаққа санитариялық тазартуды өз бетімен жүргізуге ұсыныс беріледі.

45. Үйлердің және ғимараттардың меншік иелері кіре берістердің, көрмелердің, маңдайшалардың, сыртқы жарнама орналастыру құралдарының таза және дұрыс қалпының сақталуын қамтамасыз етеді, үйлер және ғимараттардың қасбетін және олардың жекелеген элементтерін қалпына келтіру, жөндеу және сырлау жөніндегі жұмыстарды уақытында жүргізеді, сондай-ақ үйдің нөмірлік белгісін, ескерткіш тақталардың тазалығын және дұрыс қалпын сақтайды.

46. Қабырғаға бекітілген барлық болат элементтер тот басудан қорғау

мақсатында үнемі сырланады.

47. Тұрғын үй және қоғамдық мәні бар үйлердің кіріс топтары жарық беретін жабдықпен, төбемен (күнқағарымен), үстіңгі беттің қабаттасатын элементтерімен (баспалдақтар), мүгедектерді басқа жерге апаруға арналған құралдар және құрылғылармен (пандустар, қанаттар) жабдықталады.

48. Рыноктардың аумақтарын күтіп - ұстау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 ақпандағы № 131 "Сауда рыноктарының қызметін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" қаулысымен бекітілген, Сауда рыноктарының қызметін ұйымдастыру ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

49. Аумақты жинау, түсі кеткен, жыртылған ақпараттық тасымалдаушылардың, сондай-ақ тақырыбы ескіргендердің ауыстырылуын қоса алғанда сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің күтіп ұсталуын жарнама құрылымдарының меншік иелері қамтамасыз етеді.

50. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 121 "Елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыру ережесін бекіту туралы" қаулысымен бекітілген, Елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыру ережесіне сәйкес орналастырылады.

51. Шағын сәулет объектілерінің меншік иелері олардың күтіп-ұсталуын қамтамасыз етеді.

52. Сыртқы жарық қосылуы табиғи жарық деңгейі төмендеген жағдайда техникалық шарттарына сәйкес өндіріледі.

53. Сыртқы жарық элементтерін, жарық жарнама және мандайшаларды күтіп-ұстау және пайдалану "Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 1354 қаулысына сәйкес қамтамасыз етіледі.

#### **4. Жасыл желектерді күтіп-ұстау және қорғау**

54. Облыстың елді мекендерінің аумағында орналасқан барлық жасыл желектер кімнің қарамағында тұрғанына қарамастан, облыстың елді мекендері аумақтарының бірыңғай жасыл қорын құрайды және жойылудан, тозудан, зақымданудан, ластанудан және өзге де зиянды әсерден қорғалуға және сақталуға жатады.

55. Жасыл желектерді күтіп-ұстау және қорғау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, абаттандыру және көгалдандыру туралы мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау жөніндегі функцияларды заңнамаға сәйкес орындауға уәкілетті атқарушы органға,

сондай-ақ қарамағында жасыл екпелер бар жеке және заңды тұлғаларға жүктеледі.

56. Жасыл желектерді күтіп-ұстауға көгалдандыру жөніндегі жұмыстардың мынадай негізгі түрлері енеді:

- 1) жасыл желектерді егу;
- 2) бағана жанындағы шұңқырларды орнату арқылы топырақты қопсыту, ағаштарды ақтау;
- 3) гүлзарларды, көгал алаңдарын жасау, арамшөптерді отау, шөпті шабу;
- 4) вегетациялық кезең бойы жасыл желектерге су құю;
- 5) жасыл желектерді кесу, көшіріп отырғызу, шауып тастау (апаттық, құрғап қалған, бүліне бастаған ағаштарды және бұталарды санитариялық кесу);
- 6) тыңайтқыштарды енгізу;
- 7) жасыл желектердің зиянды жәндіктер және аурулармен күресу.

57. Бар жеке тұрғын үйдің, азаматтардың саяжай және бақ учаскелерінің аумақтарында және елді мекендердің коммуналдық қызметтерінің қарамағындағы зират учаскелеріндегі жасыл екпелерді шауып тастау, кесу және көшіріп отырғызуды қоғамдық табиғатты пайдалану тәртібімен меншік иелері өздерінің қарауы бойынша жүзеге асырады.

58. Құрылыс-монтаждық жұмыстары, сондай-ақ аумақты абаттандыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде жасыл екпелерді амалсыздан шауып тастау өз еркімен жойылады немесе өтеледі (орнына толтырылады).

59. Жасыл желектерді амалсыздан шауып тастағаны үшін зиянды өтеу Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 322-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

60. Құрылыс-монтаждық жұмыстарын жүргізу кезінде осы учаскеде сақтауға жататын барлық желектер олардың қорғау тиімділігін қамтамасыз ететін арнайы қорғау қоршауларымен механикалық және басқада зақымдар келтіруден сақталады.

61. Көгалдандыру желектері аумақтарында мал бағуға рұқсат берілмейді.

## **5. Қалдықтарды жинау, шығару, қайта өңдеу, кәдеге жарату, зиянсыз ету, тасымалдау, сақтау және жою**

62. Қызметі нәтижесінде өндіріс және тұтыну қалдықтары құралатын жеке және заңды тұлғалар олардың меншік иелері болып табылады және, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе қалдықтармен жұмыс істеу талаптарын айқындайтын шарттар өзгеше көзделмесе, қалдықтар құралған кезден бастап олармен қауіпсіз жұмыс істеу үшін жауапты болады.

63. Коммуналдық қалдықтарды олар сақталатын және өңделетін белгіленген



жерге тасымалдауды және жинауды қалдықтардың меншік иелерінің есебінен осы салада маманданған ұйымдар жүзеге асырады.

64. Қалдықтардың меншік иесі қалдықтарды жинаудың орталықтандырылған жүйесін немесе қалдықтарды жинау, кәдеге жарату, қайта өңдеу, сақтау, орналастыру немесе жою жөніндегі операцияларды атқаратын субъектілердің қызмет көрсетулерін пайдаланады не қалдықтарды орналастыру мен жою жөніндегі операцияларды дербес жүзеге асырады.

65. Контейнерлерден түсіру кезінде шашылған қоқысты жинауды, оларды сақтау және қайта өңдеудің белгіленген орынға коммуналдық қалдықтардың тасымалдалуын және жинауын жүзеге асыратын мамандандырылған кәсіпорындардың қызметкерлері жүргізеді.

66. Канализацияландырылмаған елді мекендерде қатты және сұйық қалдықтарды бөлек жинау жүргізіледі. Сұйық қалдықтарды су өтпейтін қазылған шұңқырларға жинайды және ассенизациялайтын көлікпен ассенизациялық алқаптарға немесе жер жырту алқаптарына шығарылады.

67. Тұрмыстық қалдықтарды жинау және жинап қою орындарына сынабы бар қалдықтарды лақтыруға рұқсат берілмейді.

68. Қоқыс салғышқа сұйық тұрмыстық қалдықтарды және ірі көлемдегі қоқысты тастауға рұқсат берілмейді.

69. Қалдықтарды залалсыздандыру және жою Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

70. Коммуналдық қалдықтарды көму арнайы жабдықталған полигондарда жүргізіледі.

71. Коммуналдық қалдықтарды көмуді, қалдықтар полигондарын жасау мен пайдалануды коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар және осы салада маманданған өзге де ұйымдар жүзеге асырады.

## **6. Қағидаларды бұзғаны үшін жауапкершілік**

72. Осы Қағидаларды бұзған кінәлі заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне сәйкес жауап береді.

73. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бұзушыларға әкімшілік жауапкершілік шараларын қолдану келтірген материалдық зиянды өтеуден, жіберілген қателіктерді жоюдан және осы Қағидалармен көзделген талаптарды орындаудан босатпайды.

